

**А. Х. Закирова, 3-курс**

**Ғылыми жетекшісі: Т. З. Аймағанбетов, заң институты бастығының орынбасары әрі күндізгі оқыту факультетінің бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, доцент**

**(ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)**

## **ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР САЛАСЫНДА ЖАСАЛҒАН ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША ТАНУ ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТІН ЖҮРГІЗУ ТАКТИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Жоғары технологиялар шеңберінде жасалған қылмыстық істер бойынша жекелеген тергеу әрекетерін жүргізу ерекшелігін талдау қылмыстың әртүрін тергеудің өзіндік әдістемесімен анықталады.

Қарастырылып отырған мәселені жалпы зерттеудің маңызы жоғары технологиялар шеңберінде жасалған қылмыстық істер бойынша тергеудің бастапқы сатысында өткізілетін тергеу әрекетін талдауды пайымдайды.

Тану үшін ұсыну, басқа тергеу амалдарымен қатар, жоғары технологиялар шеңберінде жасалған қылмыстардың нақты жағдайларын анықтауда үлкен маңызға ие. Компьютерлік ақпаратты, заттар мен нысандарды (қылмыс құралдарын, магнитті ақпарат тасымалдаушыларды және т. б.) тану үшін ұсыну қылмыс құралдарын анықтауға ғана емес, оларды дайындауға қатысқан, оларды қылмыскерлерден немесе дайындаушылардан көрген тұлғаларды және компьютерлік ақпараттың белгілі бір тұлғаларға тиісті екендігін анықтауға мүмкіндік береді<sup>1</sup>.

Қылмыстарды тергеу кезінде дәстүрлі нысандардан басқа (заттар, адамдар, сирегірек нысандар фотосуреттері) бағдарлама түріндегі компьютерлік ақпарат, мәтіндік немесе графикалық файлдар, оның тасымалдаушылары, компьютерлік техника тану үшін ұсынылады. Сонымен қатар, танудың, жоғарыда қаралған компьютерлік ақпараттың ерекшелігіне негізделген, бірқатар ерекшеліктері бар. Тірі жандарды, компьютерлік техниканы және компьютерлік ақпаратты тасымалдаушыларды (материалдық заттар сияқты), басқа заттарды немесе олардың фотосуреттерін<sup>2</sup> тану үшін ұсыну, іс жүзінде қиыншылық туғызбайды.

Компьютерлік ақпаратты тану үшін ұсынуға келетін болсақ, мұнда тактикалық және процессуалдық сипаттағы бірқатар қиыншылықтар бар. Процессуалдық қиындықтар, әрекеттегі қылмыстық-процессуалдық заңнаманың тану нысандары ретінде тек қана тірі тұлғаларды, мәйіттерді және заттарды қарастыруына байланысты. Ал компьютерлік ақпарат, кез келген ақпарат секілді, материалды емес. Материалды нысан (зат) ретінде оның тасымалдаушысы ғана саналады. Соныменен, ол заңнамамен тану үшін ұсынылған нысан ретінде қарастырылмайды. Бұл ақпараттың «таза түрде» оны тасымалдаушыға тән салыстыру белгісінің жоқтығына байланысты<sup>1</sup>.

Алайда, компьютерлік ақпарат жекелеген ерекшеліктерге ие бола алады. Компьютерде терілген мәтіннің әртүрлі шрифті, әріптердің биіктігі, интервалы (жолдар арасындағы қашықтық), азат жол шегінісінің шамасы, тақырыптарды ерекшелеу стилі, беттерді нөмірлеу ерекшеліктері, және т. б.; нақты бағдарламалық өнімнің белгілерінің кешені: арналымы, орындау функциялары, интерфейс, графикалық және музыкалық әрлеу, оны тану үшін жарамды қылады.

Тану үшін ұсынуды өткізер алдында процессуалдық заңнамаға сәйкес, танушы өзінің қандай жағдайларда берілген ақпаратты көргендігі, қандай белгілері бойынша оны тани алатындығы жөнінде жауап беруі керек.

Жауап алу кезінде қадағалаудың объективті факторлары: танушы Электронды есептеуіш машинаның (әрі қарай ЭЕМ) жұмыс істеу принциптерімен таныс екендігін; оның онда жұмыс жасауға тиісті ебі бар екендігін; қандай жағдайларда танушы берілген ақпаратты көрді, бұл не нәрсеге байланысты болатынын; қадағалау ұзақ болды ма; ақпарат қандай компьютерде қадағалануын (процессор түрі, жадының және қатты дискінің көлемі, пайдаланылған қамтамасыз ету бағдарламасы және т. б.) анықтау қажет.

Әртүрлі бағдарламалық өнімдерді, мәтіндік, графикалық файлдарды және файлдық берілімдерді тану үшін ұсыну процесі біршама күрделілікке әкелуі мүмкін. Заң тану үшін ұсынудың біркелкі заттар топтамасында өткізілуін талап етеді. Осыған байланысты, тану үшін ұсынуға дайындық кезінде танушының жауабы көрсеткен белгілер негізінде, саны үштен кем емес, көзбен қарағанда айырмашылығы жоқ бағдарламалық өнімдер таңдалады. Танушының бағдарламалық өнімді танығандығын жариялаған кезде оны орындау тоқтатылып, оған қандай белгілері бойынша танығандығын хабарлау ұсынылады.

Компьютерлік ақпаратты тану кезінде бірнеше ЭЕМ пайдалану міндетті емес. WINDOWS жүйесінде бірнеше бағдарламаны параллельді орындап (бірнеше мәтіндік немесе графикалық файлдарды қарап шығу) нәтижесін бір уақытта экранға шығару мүмкін.

Әрбір бағдарламаны орындау танушының еркімен көлемін кішірейтіп немесе үлкейтуге болатын жеке терезелерде жүріп жатады. Сол сияқты, бағдарламалық өнімдерді, мәтіндерді және басқа файлдарды хаттамада бекітілген кезегімен бір ЭЕМ-да жіберуге болады<sup>4</sup>.

Жоғарыда көрсетілгендерге байланысты тергеу амалдарын жүргізу кезінде бағдарламалық құрылымдарды пайдалануды реттейтін ережелерді Қазақстан Республикасы ҚІЖК-де бекіту қажет деп санаймыз.

<sup>1</sup> Мелик Э. Компьютерные преступления. Информационно-аналитический обзор. — Internet: <http://www.melik.narod.ru>

<sup>2</sup> Белкин Р. С. Курс криминалистики: В 3 т. — М., 1997. — Т. 3. Гл. 6. 129-148-бб.

<sup>3</sup> Гинзбург А. Я. Опознание в следственной, оперативно-розыскной и экспертной практике: Учеб.-практ. пос. / Под ред. Р. С. Белкина. — М., 1996. 17-18-бб.

<sup>4</sup> О предъявлении на опознание по фотоизображениям более подробно см.: Григорьев В. Н. Расследование преступлений в чрезвычайных условиях. — М., 1994. 161-164-бб.